

## Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесетін қосымша шаралар туралы

### Күшін жойған

Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданының әкімдігінің 2009 жылғы 21 мамырдағы № 147 қаулысы. Мұнайлы ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 23 маусымда № 11-7-51 тіркелді. Күші жойылды - Мұнайлы аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 150-қ қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Мұнайлы аудандық әкімдігінің 2012.06.25 № 150-қ қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 12 наурыздағы № 765 «Мемлекет басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы «Дағдарыстан – жаңару мен дамуға» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» қаулысына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 10 наурыздағы № 274 «Мемлекет басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылға арналған іс-қимыл жоспарын (Жол картасын) орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» қаулысына сәйкес Мұнайлы ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жастардың іс - тәжірибесі - бастапқы, орта және жоғары кәсіби оқу орындарын бітіруші (әрі қарай – жұмыссыз жастар) 29 жасқа дейінгі жұмыссыз жастар үшін алған мамандығы мен кәсібі бойынша алғашқы жұмыс тәжірибесін жинақтау және еңбек нарығындағы бәсекелестігін арттыру үшін кәсіпорындар мен ұйымдарда, мекемелерде өткізілетін өндірістік іс тәжірибе.

2. Мұнайлы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі жастардың іс - тәжірибесін ұйымдастырудың уәкілетті органы (әрі қарай – уәкілетті орган) болып табылады.

3. Уәкілетті орган Жастардың іс - тәжірибесіне қатысу үшін оқу орнын бітіруші жұмыссыз жастарды іріктеуде төмендегідей өлшемдер ескерілсін:

1) жұмыссыз ретіндеңі жастар;  
2) көсіби білімі;

3) іріктеу кезінде оған сай келетін жұмыстың болмауы.

4. Жұмыссыз жастарды Жастар іс - тәжірибесіне алуға келісім берген жұмыс берушімен уәкілетті орган келісім – шарт жасайды. Шарт алты айдан көп емес мерзімге бекітіледі.

5. Жастар іс - тәжірибесі 002 «Еңбекпен қамту» бағдарламасының 103 «Республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансфертер есебінен әлеуметтік жұмыс орындар және жастар іс - тәжірибесі бағдарламасын кеңейту» кіші бағдарламасы бойынша республикалық бюджеттен нысаналы трансфертер есебінен қаржыландырылсын.

6. Уәкілетті орган Жастар іс - тәжірибесіне қатысуышыға нақты жұмыс атқарған уақыты үшін Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген 15000 мың теңге мөлшерінде жалақысын ай сайын олардың есеп шотына аударады.

7. Қоса беріліп отырған Мұнайлы ауданы бойынша әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу тәртібі қосымшага сәйкес бекітілсін.

8. Осы қаулының орындалысын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т.Т.Асауовқа жүктелсін.

9. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкімнің міндетін атқарушы

E.Әбілов

«КЕЛІСІЛДІ»

«Мұнайлы аудандық жұмыспен  
қамту және әлеуметтік бағдарламалар  
бөлімінің бастығы»

Ж.К.Тұманбаева

21 мамыр 2009ж

Мұнайлы

ауданы

әкімдігінің

21

мамырдағы

2009

жылғы

№ 147 қаулысына қосымша

**Мұнайлы ауданы бойынша әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынатын**

**жұмыс берушілерді іріктеу**

**Тәртібі**

Мұнайлы ауданы бойынша әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу тәртібі (бұдан әрі-тәртіп) Қазақстан Республикасының «

Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7, 18-1 баптарына сәйкес халықтың нысаналы топтарына жататын жұмыссыз азаматтарды әлеуметтік жұмыс орындарын құру арқылы уақытша жұмыспен қамту мақсатында өзірленген.

## 1. Жалпы ережелер

1. Бұл тәртіпте қолданылатын негізгі ұғымдар: әлеуметтік жұмыс орны – жұмыс беруші нысаналы топтардағы жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін жергілікті атқаруыш органдың шарттық негізде құратын, жұмыс берушінің олардың еңбегіне ақы төлеу шығындары ішінәра өтетін жұмыс орны; нысаналы топтар – жұмысқа орналасуға қыындық көріп жүрген және әлеуметтік қорғауды қажет ететін адамдар ретінде осы заңмен белгіленген адамдар топтары.

2. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (бұдан әрі-уәкілдепті орган) нысаналы топтардағы жұмыссыздарды әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналасуына жәрдемдесуін қамтамасыз ететін уәкілдепті орган болып табылады.

## 2. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу тәртібі мен шарттары

1. Мұнайлы ауданының әкімдігі жыл сайын әлеуметтік жұмыс орындары бар шаруашылық субъектілерінің тізбесін, жұмыс берушілердің жазбаша келісімі бойниш анықтаиды.

2. Әлеуметтік жұмыс орындары жұмыс берушімен нысаналы топтардағы жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін уәкілдепті органмен жұмыс берушілердің еңбекақы төлемі шығындарына ішінәра өтемақысы төленетін шарттық негізде құрылады. Шарт алты айдан көп емес мерзімге бекітіледі. Уәкілдепті орган әлеуметтік жұмыс орындарына жіберілген азаматтардың еңбекақысын нақты жұмыстың атқарған уақыты үшін Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген еңбекақы мөлшерінен кем емес мөлшерде оның есеп шотына аударады.

3. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу келесі өлшемде белгіленеді:

1) әлеуметтік жұмыс орындары халықтың нысаналы топтарындағы жұмыссыздарға әдейі арналады;

2) жұмыс орындары уақытша сипатта болады және оны ұйымдастыру үшін тұрақты жұмыс орындары мен бос жұмыс орындар пайданалмайды;

3) әлеуметтік жұмыс орындары экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан

4) жұмыс берушінің жұмысты жартылай жұмыс күні және икемді кесте шарттары бойынша ұйымдастыруға мүмкіндігі бар.

### **3. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру және бақылау**

1. Әлеуметтік жұмыс орындары 002 «Еңбекпен қамту» бағдарламасының 103 «Республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансфертер есебінен әлеуметтік жұмыс орындар және жастар іс - тәжірибесі бағдарламасын кеңейту» кіші бағдарламасы бойынша республикалық бюджеттен нысаналы трансфертер есебінен, 102 «Халықты жұмыспен қамту саласында азаматтарды әлеуметтік қорғау» кіші бағдарламасы бойынша аудандық бюджеттен қаржыландырылады.

2. Әлеуметтік жұмыс орындарына белгіленген қаражатты пайдаланудың қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкестігіне мемлекеттік органдар бақылау жасайды.